




Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2021 Шілде

2021 жылғы шілдеде инфляция 0,7% құрады (маусымда – 1,1%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 0,7%-ға (маусымда – 1,7%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,5%-ға (маусымда – 0,8%), ақылы қызметтер бағасы 0,8%-ға өсті (маусымда – 0,7%). Жылдық инфляция 8,4% құрады (маусымда – 7,9%).

Өңірлер бойынша айлық инфляцияның өсімінің бәсеңдеуі 14 өңірде, жеделдеуі 1 өңірде байқалып, 2 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының жеделдеуі Қарағанды облысында орын алды, мұнда шілде айындағы баға өсімі 1,1% құрап, өңірлер арасындағы ең жоғарғы мәнге ие болды. Алматы облысы мен Жамбыл облысында бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды (сәйкесінше 1,0% және 0,8%). Айлық инфляцияның ең төменгі мәні Алматы қаласында тіркелді (0,3%). Жылдық инфляция 8 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Павлодар және Маңғыстау облыстарында байқалды (тиісінше, 9,2% және 9,1%).


1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 шілде – 2021 шілде), %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ


Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосуды жалғастыруда (тиісінше 1,3 п.т. және 1,0 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 7,7% және 8,3% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 11,0%-ға (маусымда - 10,6%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Нұр-сұлтан қаласында (9,4%), ең жоғары өсу – Маңғыстау облысында (12,4%) байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,2%-ға (маусымда - 6,9%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Нұр-Сұлтан қаласында (7,9%), ең төмен өсуі – Павлодар облысында тіркелді (6,5%).

Елімізде ақылы қызметтер 6,1%-ға (маусымда 5,6%-ға) қымбаттады, Павлодар облысында бағаның өсуі 8,3% құрады, Алматы қаласында ақылы қызметтер бағасы айтарлықтай төмен қарқынмен өсті (5,1%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі ТБИ-не ең көп үлес қосуды жалғастыруда. Өткен айда осы топтың тауарларына бағаның өсуінің айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,29 п.т. болды (маусымда – 0,58 п.т.), оның ішінде 0,21 п.т. ет және ет өнімдеріне бағаның өсуі (5-сурет). Жемістер мен көкөністер бағасы маусымда ТБИ-ге ең үлкен үлес қосса (0,36 п.т.), шілдеде 3,2%-ға арзандап, инфляцияға кері үлесі қосты ((-)0,15 п.т.).

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы 0,7%-ға өсті (маусымда – 1,7%). Сонымен қатар Шымкент қаласы мен Ақмола облысында азық-түлік тауарларының бағасы 1,2%-ға, Алматы облысы мен Қарағанды облысында 1,1%-ға жоғарылады, ал өткен айда ең жоғары өсім тіркелген Шығыс Қазақстан облысында осы айда баға өзгерген жоқ.

Шымкент қаласында ет бағасының ең жоғары өсімі байқалды (6,3%), әсіресе сиыр еті (12,6%) мен жылқы еті (8,2%) қымбаттады, ал Қазақстан бойынша еттің бағасы 2,1%-ға өсті. Қой етінің қымбаттауы батыс аймақтарда басым болды: Маңғыстау облысында 10,9%, Атырау – 7,2%, Павлодар – 5,1%, Ақтөбе – 4,6%, Батыс Қазақстан – 3,8%. Қарағанды облысында едәуір өсім құс етінің (6,6%) және жұмыртқаның (25,9%) бағасына тіркелді, ел бойынша бұл тауарлар 3,0% және 1,3% қымбаттады. Картоп пен сәбіз бағасының төмендеуіне байланысты жалпы жемістер мен көкөністер өткен айға қарағанда арзандады, алайда кейбір өңірлерде қырыққабат, пияз және қызылша айтарлықтай қымбаттады.

5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,15 п.т. (маусымда - 0,28 п.т.). Елде бір айда бағаның өсуі 0,5% (маусымда – 0,8%) болды. Қымбаттаған тауарлар ішінде дизель отынын атауға болады (2,0%-ға). Ең жоғарғы өсім Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарында тіркелді (сәйкесінше, 5,5% және 5,0%). Шілдеде жанармай бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ (0,9%), ең жоғарғы өсім (2,0%) Жамбыл облысында тіркелді, ал Түркістан облысы мен Шымкент қаласында жанармай арзандады (тиісінше, 1,0% және 0,5%).

Ақылы қызметтер бағасының айлық инфляцияға қосқан үлесі шілде айында азық-түлік емес тауарлардың үлесінен жоғарырақ болды - 0,23 п.т. (маусымда - 0,25 п.т.), бір айдағы бағаның өсуі – 0,7% болды (маусымда – 0,5%). Ақылы қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы Қарағанды облысында (1,5%) орын алды.

Шілдеде Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларынан басқа өңірлердің бәрінде электр эренгиясына тариф көтерілді. Ең төменгі өсім Қызылорда облысында байқалды (4,2%), ал қалған 8 өңірде 9,2%-11,7% шегінде көтерілді, нәтижесінде тариф Қазақстан бойынша 5,0%-ға жоғарылады. Солтүстік Қазақстан, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында тарифтер мамыр-маусым айларында көтерілгенін атап өткен жөн. Қарағанды облысында тұрғын үйді жалға алу 5,1%-ға қымбаттады (ел бойынша – 0,7%). Суық су жалпы 1,0% қымбаттады, оның себебі Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында тарифтердің көтерілуі (сәйкесінше, 17,7% және 8,0%). Шымкент қаласында тура сондай мөлшерге су бұру қызметі қымбаттады, ал Батыс Қазақстанда 10,8% қымбаттады, басқа өңірлерде баға өзгерген жоқ, елде өсім 0,7% құрады.